

ШҚО білім басқармасы Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің «М.В.Ломоносов атындағы орта мектебі» КММ-нің қамқоршылық кеңесінің № 1 хаттамасы.

16 қазан 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
3. Сабақтың ұзақтығы туралы мәселені қарау.
4. «Мектепке жол акциясы» барысында аз қамтылған отбасыларына көмек көрсету туралы.
5. Оқушыларды ыстық тамақпен, мектеп формасымен қамтамасыз етілуі.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша А.У.Кемелбаева қамқоршылық кеңесінің мүшелері үш жылға сайланғандықтан, сол қалпы өзгеріссіз қалатыны жайлы айтылды. Қамқоршылық кеңес мүшелерін атап өтті.

2- мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Ш.Бошақов жылдық жоспармен таныстырды. Тоқсанына бір рет отырыс өткізілетіні айтылды.

3-мәселе бойынша Мектепте желшешектің көбеюіне байланысты тазалық жұмыстарын жүргізу, кабинеттерді желдету үшін және кешкі қараңғылыққа байланысты, 1 және 2 ауысымда да 5,6,7 сабақтардың ұзақтығы 5 минуттан қысқартылып, 40 минуттық оқу режиміне ауыстыру жайлы ұсыныстар айтылды.

3-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Құनियाзова «Мектепке жол акциясы» барысында атқарылған жұмыстары және демеушілік көмектер жайлы айтып өтті. «Мектепке жол акциясы» аясында демеушілік көрсеткен демеуші кәсіпкерлер Досым Рамазанов 100 мың теңгеге, Оразбаева Римма екі оқушыға портфель оқу құралдарымен, Майгуль Баяндинова 3 оқушыға спорттық аяқ киім алып берді.

4-мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Сүлейменова оқушылардың ыстық тамақпен, мектеп формасымен қамтамасыз етілуі жайлы баяндады.

Барлығы 483 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді..

1-4 сыныптары- 379 оқушы толық қамтылды.

5-11 сыныптары– 64-ші қаулы бойынша ыстық тамақпен аз қамтылған -104 оқушы қамтылды. Ыстық тамақ бойынша әр ауысымға кесте құрылып, кесте бойынша сынып жетекшілердің қадағалауымен ыстық тамақпен тамақтанды. Кесте оқу процесіне кедергі келтірмей сабақ арасындағы үзілістерде ұйымдастырылған. Мектеп медбикесі заңдылықтарға сәйкес сапалы әрі қауіпсіз азық түлікті қадағалады. Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға барлық жағдай жасалды.

Мектепшілік комиссия құрылып, қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, асхананың тамақ сапасын үнемі тексеріп отырды. Бракераждық журнал уақытылы толтырылып отырды.

№158 бұйрығы 13 қосымшаға сәйкес 5 категория бойынша биылғы оқу жылында тегін ыстық тамаққа өтініштері тіркеліп, 5-11 сыныптар бойынша 114 оқушы, 1-4сынып бойынша 323 оқушы. Толық тамақпен 437 оқушы қамтылып отыр.

2025-2026 оқу жылы тамыз айында оқу формасына қаржылай көмек ретінде 11.926.824 тг. қаражат бөлінді.

5 категория бойынша 258 оқушы көмек алды. Оның ішінде 1 кат.(Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан)-12, 2 кат.(АӘК алмайтын бірақ табысы күнкөріс деңгейінен ең төмен отбасынан) -228, 5 кат. (Қамқоршылық комитетінің шешімімен тағайындалған отбасынан) -18


Қаулы.

1.Қамқоршылық кеңес мүшелері тізімі сол құрамда қалдырылсын.

2.Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары бекітілсін.

3.Мектепте желшешектің көбеюіне байланысты тазалық жұмыстарын жүргізу үшін,1 және 2 ауысымда да 5,6,7 сабақтардың ұзақтығы 5 минуттан қысқартылып, 40 минуттық оқу режиміне ауыстырылсын.

4.«Мектепке жол акциясы» барысында атқарылған жұмыстар және оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  М.Ш.Бошақов

Хатшы:  Д.Ұмтыл.